

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта, жалпы орта , техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы 2- қосымша 2- тарау 5-7 тармақ, 3- қосымша 2- тарау 16-тармақ, 4-қосымша 2- тарау 17 – тармақтарына сәйкес сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру бойынша атқарылған шаралар мәліметін ұсыну :

Жыл басында үйірме жетекшілеріне қолдау білдіру және сапалы үйірме сабағын ұйымдастыру және жоспарлау мақсатында «Үйірме сабағы сапалы болу үшін не істеу керек?» тақырыбында үйірме жетекшілерімен дөңгелек үстел өткізілді. «Зерек» пәндік, «Ізденіс» мәдени-шығармашылық, «Art-спорт» спорттық үйірме жетекшілері сабақ процесінде болған 3 үйірме жетекшісінен басқа 17 үйірме жетекшісі дөңгелек үстелге атсалыса қатысып, нәтижесінде сапалы үйірме сабағын жоспарлауға бағыт- бағдар алды. Ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиетті тұлғаны қалыптастыру мақсатында құрылған бастауыш сыныптың тілдік бағыттағы «Жас дарын» үйірмесіне 2-4 сыныптардан 12 оқушы қатысады. Үйірме жетекшісі- Жанзақ Бағдагүл. Үйірмеге тілге шешен, өз бетімен өлең жолдарын жазуға қабілеті бар, көркем шығарманы оқығанда тебіреніп орындай алатын оқушылар тартылған. Үйірменің оқу материалына халық- ауыз әдебиеті, аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар, шешендік сөздер алынған. Осы оқу материалдарын үйірме барысына ұтымды қолдану, оқушының білімін толықтырып, сөздік қорының байып, баланың дәйекті дамуына ықпал етеді. Атап айтар болса, тәуелсіздік күнінен орай «Тәуелсіздік -тірегім, Қазақстан- жүрегім» атты үйірме сабағындағы 4 сынып оқушысы Қанат Зейнептің өлең жолдарын жазудағы қабілет- қарымын, 3 сынып оқушысы Кеулімжай Нұрғисаның көркем сөзді тебіреніп орындауын атап айтуға болады. «Жас дарын» үйірмесінің оқушылары мектепшілік, аудандық сайыстарда көркем сөз оқу өнері және ақындар мүшәйрасына қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Бастауыш білім беру мазмұнында заманауи тұлғаның динамикалық сұраныстарына сәйкес «Жас зерттеуші» үйірмесінде оқушылардың табиғатқа ғылыми көзқарастарын, қоршаған ортаны қорғау, табиғатты аялау және мотивациялық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жыл бойына жоспарлы жұмыстар жүргізілуде. 2-4 сыныптардан бұл үйірмеге 12 оқушы тартылған. Үйірме жетекшісі- Сагинова Шолпан. «Ғаламдық жылыну неден туындайды?» тақырыбында үйірме сабағы пікірталас формасында жоғары дәрежеде өткізілді. Үйірме мүшелері жан-жақты ізденіп, өз ойларын ашық жеткізе алды. Оқушылардың пікірталас барысындағы ұшқыр ойлары мен ұтымды, дәйекті де, дәлелді жауаптары пікірталастың айдарын аша алды. «Жас зерттеуші» үйірмесінің оқушылары «Зерде» ғылыми конкурсына қатысып, аудандық, облыстық деңгейде жүлделі орындардың иегерлері атануда.

Бастауыш білім беру мазмұнында оқушылардың сыни, шығармашылық позитивті ойлауын дамыту мақсатында 2-4 сынып оқушыларынан құрылған жаратылыстану-математикалық бағытта «Жас математик» үйірмесі жоспарға сай жұмыс жасауда. Үйірмеге логикалық, сыни ойлауы ұшқыр 12 оқушы тартылған. Үйірме жетекшісі- Сексенбаева Айгүл. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында үйірме мүшелерімен «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» тақырыбымен білім сайысы өткізілді. Сайыс барысында оқушылар логикалық, тапқырлық, ізденімпаздық қасиеттерін жетілдіруге негізделген тапсырмаларды орындап, ойлау қабілеттерін арттырды және озық ойлы 4 сынып оқушысы Бөрібай Хұбылай, 3 сынып оқушысы Жалғасбай Нариман, 2 сынып оқушысы Данагүл Айзере сынды оқушыларымыз сайыстың жеңіс тұғырына көтерілді.

7-10 сыныптар аралығындағы білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне негізделген «Үкілі үміт» үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірме сабақтарында үйірме жетекшісі оқушыларды көркем шығармаларды мақаммен оқу, өлең жолдарының ұйқастарын үйлесімді құру және әдеби туындыларды сомдауға үйретуде. Атап айтар болсақ, «Өке үкімі» шығармасын үйірме мүшелерінің тілдер бірлестігі апталығы

барысында көркем орындап шығуы, үйірме мүшелерінің туымды тұлға болып қалыптасып келе жатқан, дәлелдеді. «Қазақ поэзиясының Хан Тәңірі» атты Мұқағали Мақатаевтың туылған күніне орай өткізілген әдеби кеште үйірменің белсенді мүшелері ақынның шығармашылық мұрасындағы бірнеше өлеңдерін жүрек тебіреніп орындап, көрерменнің ыстық ықыластарына бөленді. Үйірме жетекшісі Сексенбай Сәбит әдеби кешті жоғары деңгейде ұйымдастырды.

Көркемөнерлік-эстетикалық, тілдік бағытта оқушылардың орыс тіліне қызығушылығын қанағаттандыру, тілдік қорларын дамыту мақсатында 5 сынып оқушылары арасында құрылған «Юный русовед» үйірмесі жұмыс жасайды. Үйірме жетекшісі әрбір үйірме сабағында оқушылардың тілдік қорларын дамытатын, оқу материалдарын қолданады. Жүйелі жүргізілген үйірме жұмысының нәтижесін үйірме мүшелерінің тіл бірлестігі апталығында «Красная шапочка» ертегісінің кейіпкерелерін көркем сомдап, көрермен көшеметіне бөленген көрінісі арқылы көріп, оң бағасы берілді. «Красная шапочка» ертегі қойылымы әлеуметтік желіге жарияланды:

https://youtu.be/1Pp2JKN5x2SA?si=To28LXnltmAF7Y_M

Ағашты көркемөнермен өңдеуге негізделген «Шеберлер» үйірмесінің жетекшісі Сексенбай Бақыт үйірме мүшелерінің ағашпен көркемдеп жұмыс жасауын, шеберліктерін дамыту мақсатында «Қазақ оюында қандай сыр бар?» атты шеберлік сыныбын өткізді. Үйірме мүшелерін алдымен қауіпсіздік техникасын сақтау ережелерімен таныстырып, содан соң ағаш бетіне қазаки ою-өрнек салудың ережелерін практикалық тұрғыда оқушыларға өз қолдарымен жасатты. Топтық жұмыс барысында оқушылар ою-өрнек, орнаменттердің сырларын меңгертуге негізделген мәтінмен жұмыс жасап, өздерінің теориялық білімдерін толықтыра алды. Шебер сынып оқушылардың ептілігін, қол моторикасын, зеректігін, креативтілігін дамытуға негізделген. Шебер сыныпта 5 сынып оқушысы Бақыт Серікбол өзінің зеректігі, ептілігі, ойлау деңгейінің ұшқырлығымен ерекше көзге түсті. Мектеп тәлімгері З.Жүсіп пен «Шеберлер» үйірмесінің жетекшісі Б.Сексенбайдың ұйымдастыруымен «Алтын дән -2023» алтын күз сайысы өткізілді. Сайыстың бір бөлімі дәнді дақылдардан жасалған оқушылардың қол өнерін бағалауға арналды. Дәнді дақылдардан әртүрлі бұйымдарды көркем орындаған оқушылардың жұмыстары жүлделі орындарға ие болды.

Көркемөнерлік-эстетикалық бағытта «Менің Қызылордам!» фото коллаж және «Мен және менің қалам» тақырыбында бейнелеу өнері «Қылқалам» үйірмесінің жетекшісі Машай Абай оқушылардың танымын, ойын дамыту және өз елінің, жерінің, өз ауылының өркендеуіне үлес қосатын азамат етіп тәрбиелеуге бағытталған сурет байқауын ұйымдастырды. Сонымен қатар, өнер апталығы аясында 2-5 сынып, 6-10 сыныптар арасында «Қыс келбеті» атты сурет байқауын ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/Km8cRqUoWQPkyQ41/>

Спорттық секциялар оқушылардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында жоспарға сай, жүйелі өткізіліп келеді. Ұлттық ойындар «Бес асық» үйірмесіне 2-4 сыныптың қызбалалары қамтылған. Үйірме оқушылардың қол моторикасын, ептілігін, шапшаңдығын, ойлау қабілетін, логикасын дамытуға негізделіп құрылған. Өнер, спорт апталығы барысында «Қазақтың ұлттық ойыны- бес асық» тақырыбында бес асықтан қыздар арасында сайыс ұйымдастырылып, жеңімпаз команда аудандық сайыстан 2-ші орын иемденді. Аудандық ҰМЛ сайысында жүлделі орындарға ие болып жүр. «Бес асық» ойыны ауылымызда Наурыз мерекесінде, «Кәукей күні» іс-шараларында тұрақты түрде ұйымдастырылып отырады. Үйірме жетекшісі- Сабақбай Бақытжан.

4-6 сынып оқушылары арасында құрылған «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойындар үйірмесі жоспарлы жүргізілуде. «Тоғызқұмалақ» үйірмесі бойынша мектебімізде тоғызқұмалақтан «Отбасылық сайыс» ұйымдастырылды. Отбасы мүшелері арасында байланысты нығайту және тапқырлық, ептілік, зияткерлік қабілеттерін ұштау мақсатында жыл бойына тұрақты түрде ұйымдастырылып жүр, үйірме жетекшісі- С.Жұмабай.

Мектеп оқушыларының салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастыруға ықылас-жігерін дамытуға негізделген спорттық үйірмелерден мектепішілік мектеп лигасы өткізілді. Мектепішілік мектеп лигасында өткізілген спорттық сайыстар оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, дене мәдениетімен, ойлау қабілетін, ширақтыққа, қозғалыс қабілеті мен икемділігін, эстетикалық дене бітімін сақтауға максатталды. Атап айтар болсақ, «Былғары доп» футболдан қыз балалар мен ер балалар командасы арасында спорттық сайысы, баскетболдан «Ұшқыр доп» қыздар арасында, «Теңбіл доп» волейбол ойынынан, «Алтын доп» қол добынан және үстел теннисінен 7-11 сынып оқушылары арасында сайыс жоғары дәрежеде ұйымдастырылып, өткізілді. Аталған үйірмелердің үйірме мүшелерінен жасақталған командалар аудандық сайыстарға қатысып, жақсы ойын өрнегін көрсетті. «Құзыреттілік тәсіл: шығармашыл тұлғалар мен өнертапқыштар әлемі» тақырыбында өткізілген апталық аясында 8-9 сыныптар арасында «Волейбол ойынында көшбасшылықты дамыту» тақырыбында «Теңбіл доп» үйірмесінің жетекшісі К.Құлпыбай мастер-класс өткізді. Мастер-класста үйірме жетекшісі үйірме мүшелерінің басты назарға ұстауға тиісті жалпы денені дамыту жаттығуларынан бастап, доппен жұмыс жасау тәртібі мен ойын алаңындағы ойыншының тәртібіне басымдық берді.

Ұлттық құндылықтарға бағытталған ұлттық ойындардан мектебімізде тұрақты түрде жүргізілуде. Осы оқу жылында дәстүрімізге сай, 2 жылда бір рет ұйымдастырылатын облыстық ұлттық ойындар сайысының 1-ші аймақтық кезеңі №225 орта мектепте өткізіліп, оқушыларымыз сайыстың 12 бағыты бойынша 6 түрінен 1-ші орынға ие болды. 2-ші аудандық кезеңінде 5 түрінен жүлделі орындарға ие болып, жалпы есеп бойынша №225 орта мектеп командасы аудандық кезеңде 2-ші орын иеленді.

Атап айтар болса, Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Арқан тарту» жарысынан №225 мектеп командасы (жетекшісі: Құлпыбай Күнтуған) жүлделі II орын иеленді.

Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Жаяу жарыстан» №225 мектеп командасы (жетекшісі: Құлпыбай Күнтуған) жүлделі III орын иеленді.

Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Мойын арқан» жарысынан №225 мектеп командасы (жетекшісі: Құлпыбай Күнтуған) жүлделі II орын иеленді.

Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Мерген» жарысынан №225 мектеп командасы (жетекшісі: Лепес Ержан) жүлделі I орын иеленді.

Қазалы ауданының 95 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық ұлттық ойындарының VII спартакиада бағдарламасы бойынша «Бес асық» жарысынан №225 мектеп командасы (жетекшісі: Құлпыбай Күнтуған) жүлделі II орын иеленді.

<https://www.facebook.com/100009408882196/posts/pfbid02Zy6D92rjo2o8CwSmBSdh17jC3r97kQ4Xbz3jrDVcutI2gdZPKGLny1iBQWcjFbvJKI/?d=w&mibextid=qC1gEa>

Үйірме мүшелеріне домбыра тарту шеберлігін дұрыс меңгеруге, оқушының өнерге деген ынта-ықыласын өсіріп, эстетикалық талғамын арттыруға, музыканы дұрыс тыңдап, тереңдей түсінуге максатталған көркемөнерлік-эстетикалық бағыттағы «Үкілі домбыра» үйірмесінің жетекшісі Р.Ерполатұлы жыл бойына жоспарлы жұмыс жүргізіп келеді. Үйірмеде 2-10 сыныптар аралығына 13 оқушы мүшелікте. «Құзыреттілік тәсіл: шығармашыл тұлғалар мен өнертапқыштар әлемі» ғылыми-шығармашылық жұмыстар апталығы аясында «Үкілі домбыра» үйірме мүшелерінің «Dombra party» этномузыкалық кеші ұйымдастырылды. Оқушылар қазақтың «Келіншек», «Ер Тұран» күйлерін және халық әні «Еркем-айды» және т.б күй мен әндерді тамылжыта, керемет орындап шықты.

Әскери-патриоттық бағытта «Жас сарбаз» үйірмесінің жетекшісі З.Сабыр «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Кітапқа жазылмаған тарих» атты Ерлік сабағын өткізді. Ерлік сабағының мақсаты оқушылардың туған еліне, жеріне, Қазақтың Қарулы күштеріне деген патриоттық сезімін қалыптастыруға бағытталды. Ерлікке бағдар алған сабақ үйірме мүшелері және өскелең ұрпақтың ойларындағы барлық сұрақтарына жауап алуына мүмкіндік жасады. Үйірме сабағы барысында «Ерлік-елге мұра, ұрпаққа ұрын» болатындығын көз жеткіздік. Сонымен қатар, жоспарға сәйкес «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы мүшелерімен «Құзыреттілік тәсіл: шығармашыл тұлғалар мен өнертапқыштар әлемі» ғылыми-шығармашылық жұмыстар апталығы аясында ашық есік күні өткізілді. Ашық есік күнінде үйірме мүшелері мылтық ату, магазинде оқ жинау, мылтықты шашып, құрастыру және саптық дефиле сынды жұмыстарды сәтті орындады. <https://www.facebook.com/100075775835691/posts/pfbid02NPjDk8Yvy3iqbt3Wa5Lrc33rFNa8TYD4n3FNdf7uT9JtFPc9ooq8SPdWzuXJb2u4V/>

«Ата-анаммен өткізген бір күнім» «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Жас ақпаратшылар» үйірмесінің жетекшісі Баймаханов Ғабит үйірме мүшелерінің ата-аналарымен бірге ұйымдастырылған шығармашылық жұмысын өткізді. Шығармашылық жұмыс барысында оқушылар ата-аналарының жұмыс орындарына барып, сол мамандықтың немесе ата-анасы айналысатын кәсіптің қыр-сырына қанығып зерттеп, бейнеролик дайындап, қатарластарына таныстырды. Оқушылар бұл жұмыстарды асқан шеберлікпен, қызығушылықпен орындап, таныстыру барысында сол мамандық туралы бірнеше қызықты, тұшымды пікірлер, мәліметтер көрсетті. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетке тәрбиелеу мақсатында «Кибербуллинг. Балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету» тақырыбында «Жас ақпаратшылар» үйірмесінің жетекшісі ашық ақпараттық үйірме сабағын өткізді. Үйірме жетекшісі үйірме сабағы барысында «Буллинг» сөзінің мағынасын ашып, жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу жағдайларына тоқталып, үйірме мүшелерін сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсетуге шақырды. Үйірме мүшелері ақпараттық кеңістіктегі адам қауіпсіздігіне қатысты мәліметтер алып, одан сақтанудағы өздерінің ұсыныстарымен, пікірлерімен бөлісті.

«Жігер» дебат клубында 12 оқушы мүшелікте, жетекшісі Скаков Ізбасар- тарих пәні мұғалімі. Оқушылардың бойына Парламенттік тұрпаттағы дәйектерді, тапқырлықты және риторикалық қасиеттерді дамытуға негізделген «Жігер» дебат клубы Америкалық парламенттік форматта (АПФ) ұйымдастырылуда. Заман талабының сұранысына сәйкес адам қндылықтарды жанына серік еткен, айналасына сыни көзқараспен қарайтын, қоғамдық істерге белсене араласатын жастардың жаңа буынын дайындауға мақсатталған «Жігер» дебат клубы жыл бойына жылдық жоспарға сәйкес жұмыс жасап келеді.

«Қазақстан балалары шексіз әлемде!» балалар киносын дамытуды насихаттауға негізделген «Бұл палата Қазақстандық жасөспірімдерге патриоттық сезімді дәріптейтін күшті құрал- кино деп есептейді» тақырыбында «Жігер» дебат клубының мүшелерімен пікірталас өткізілді. «Табиғат-адам-қоғам» тақырыбында «Адам-қоғам- табиғат» жүйесінің бірлігінде, жаратылыстану, қоғамдық және техникалық ғылымдардың бір-бірімен байланысы мен оқушыларға экологиялық тәрбие беру мақсатында дебат үйірмесінің мүшелерімен пікірталас ұйымдастырылды. Пікірталас барысында оқушылардың табиғатқа жанашырлығы, оны қорғауға деген құлшыныстары көрінді. Білім алушылардың мектеп формасын сақтауына негізделген «Бұл палата Қазақстан мектептерінде діни киімдерді киюге рұқсат береді» тақырыбында «Жігер» дебат клубы мүшелерімен ашық алаңда пікірталас өткізілді. Сонымен бірге, «Жігер» дебат клубының жетекшісі «Тенге ұлттық қндылығымыз», «Жол тәртібін бұзбайық!», «Мектептегі мінез-құлық ережелері» тақырыптарында дебат клубының мүшелерімен жоспарлы дебат сабақтарын ұйымдастырып, үйірме мүшелері өздерінің түрлі көзқарастарын, пікірлерін қатар қою, салыстыру, фактімен дәлелдеу сынды жаңа заманның сынағына дайын тұлға ретінде өздерін көрсете білді.

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02pTPcj45aYvGwpiQtuFkHmCm23F2j6qTLEtT2P4MnQN6TD8b7UdxRGip9MRY4BP9wI&id=100055199599655&mibextid=Nif5oz
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02pHEcRuogja9TXsDYDsuBbZgmoBtQy4evNZQoGYcaFYCVZZgYNyyAVbS28aMYjSzMI&id=100055199599655&mibextid=Nif5oz
https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid0GkxHNPSSrRLcS3Q8ZW5ikyGEBET6EPAVZn9tjFfGppGveZydecFSULhie2o3m5tnI&id=100055199599655&mibextid=Nif5oz

Ұлттық дәстүр, тұрыстарымызды сақтап, қастерлеу, ұлттық өнерді насихаттау мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі С.Қабылов пен «Үкілі домбыра» үйірмесінің жетекшісі Р.Ерполатұлының ұйымдастыруымен «4 тоқсан- 4 іс-шара» жобасы аясында «Атамұра- асыл қазына» тақырыбында ақындар айтысының мектепшілік кезеңі өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланды:

https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=pfbid02VyLDfYkTlrmxixPdx6tgdLcBY3zeRbt4FtTupbxBKwUisbBxGCPlg3MykBI&id=100055199599655&mibextid=Nif5oz

2022-2023 оқу жылында оқушылардың ой-санасын, қабілетін-қарымын, өзіндік ойлауын, шығармашылық дағдысын, ғылыми-зерттеушілік потенциалын дамыту мақсатында аталған мектепте 220 оқушы 29 үйірмеге тартылып, оның ішінде 8 – і спорттық секция, 7-шығармашылық, 14- і пәндік үйірмелер жыл көлемінде жасаған жоспарларына сәйкес сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді.

Жылдық жоспарға сәйкес оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оқушылардың қажеттілігін қанағаттандыру, патриоттық, адамгершілік-эстетикалық, зияткерлік, спорттық, дене мәдениетіне қалыптастыру мақсатында «Бүгінгі бала көгершін- болашақта көгерсін» тақырыбымен үйірме жұмыстарының апталығы болып өтті. Үйірме жетекшілері үйірме сабақтарын өткізіп, сарапшылар тобы үйірме жұмыстарына өз ұсыныстары мен пікірлерін білдірді. Үйірме жұмыстарын сараптау критерийіне үйірменің жылдық жоспары №130 бұйрықпен жасалған, түсінік хаты, оқушы мен ата-ананың өтініші, оқушы тізімі, үйірменің ҚМЖ рефлексиясымен және жылдық талдау нәтижесі кірді. Нәтижесінде белсенді, шығармашылықпен, бала жүрегіне жол таба білген үйірме жетекшілері мектеп әкімшілігінің «Мақтау қағаздарымен», «Алғыс хаттарымен» марапатталды.

5-6 сынып оқушыларынан математика пәнінен құрылған «Жас өнертапқыштар» үйірмесі мүшелерімен өткізілген «Графтар теориясы» тақырыбымен функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған есептерді оқушылар шебер шығарып, тыңғылықты жұмыс көрсете білді. Үйірме жетекшісі сыныптан тыс жұмыстың әр кезеңінде түйіндеп тұрды. Сыныптан тыс жұмысқа синтез жасаған сарапшылардың қорытындысы бойынша «Жас өнертапқыштар» үйірмесінің сыныптан тыс жұмысы «Креативті сыныптан тыс жұмыс» деп бағаланып, I орынды иеленді. Үйірме жетекшісі Байденес Алтыншаш- математика пәні мұғалімі. Бастауыш сыныптарда «Ойшыл математик» үйірмесінің мүшелерімен өткізілген «Математика еліне саяхат» үйірме сабағы үйірме мүшелерінің лидерлік қабілет, еркіндік, белсенділік, пәнге деген қызығушылық қасиеттерімен ерекшеленді. Үйірме сабағы «Идеал сыныптан тыс жұмыс» деп бағаланып, II орынға лайық деп шешілді. Үйірме жетекшісі Сексенбай Айгүл-бастауыш сынып мұғалімі. 5-6 сыныптардың «Былғары доп» футбол үйірмесі «Кедергілерден өтіп қақпаға доп соғу» сыныптан тыс жұмысының барысынан оқушылардың жүгіру техникасы мен бір-біріне пәрмен беруі, ойын ережесіне сай машықтанғандықтарын байқадық. Әрі оқушылардың жетекшіден бағдар алуы, жинақылықпен әр жаттығуды ыждағаттылықпен орындауынан футбол ойынына оқушылардың қызығушылықтарының жоғары деңгейде екендігі аңғарылды. Сарапшылардың қорытындысы бойынша «Былғары доп» футбол үйірмесінің сыныптан тыс жұмысы «Заманауи сыныптан тыс жұмыс» бағамымен III орын иеленді. Апталық аясында «Жас зерттеуші» 2-4 сыныптар үйірмесі және «Жігер» дебат клубының өткізген сыныптан тыс жұмыстары «Үлгілі сыныптан тыс жұмыс», «Жас дарын» 2-4 сыныптар үйірмесі мен «Үкілі домбыра» үйірмесі «Үздік этнопедагогикалық сыныптан тыс жұмыс» және «English club» үйірмесі «Үздік үштілді сыныптан тыс жұмыс» номинацияларына ие болды. Аталған үйірменің үйірме мүшелері сыныптан тыс

жұмыс барысында өздерінің ой еркіндігін, логикалық ойлау, креативті ой тұжырымдарымен бөлісіп, шығармашылық қабілеттерімен көріне білді.

«Өмір мен өнер» театр үйірмесі, «Қаламгер» тілдік бастауыш сынып үйірмесі, «Қыпқалам» бейнелеу өнері үйірмесі, «Бұлбұл» вокал үйірмесі және «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойын үйірмелерінің сыныптан тыс жұмыстары мектеп әкімшілігінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Мектебімізде спорттық секцияларға тартылған оқушыларымыз ұлттық мектеп лигасының мектепшілік аймақтық, аудандық кезеңдеріне 15 спорт түрінен тұрақты түрде қатыстырылып жүр. «Бес асық» үйірмесінің мүшелері 5-6 сыныптар бойынша «Бес асық» ұлттық ойынынан аудандық кезеңде 2 орын, 7-8 сыныптар аралығында 2 орын, 9-11 сыныптар аралығында 2-ші орын иеленді. Жеңіл атлетика үйірмесінің оқушылары 9-11 аралығында аудандық кезеңнен 2 орын иеленді. Сонымен қатар, волейбол, футбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ ойындарынан мектебіміздің оқушылары аудандық кезеңге қатысып, жүлдегер атанып жүр.

Волейболдан аудандық жастар ресурстарының ұйымдастыруымен ауылымызда жарыстар өткізіліп, мектеп оқушыларынан құрылған «Жас түлектер» командасы 1-ші орын иеленіп, аймақтық Бозкөл ауылында өткізілген жарыста 2-ші орын иеленді.

Футболдан «Ауыл күніне» орай ұйымдастырылған жарыста Дәліев Серік атындағы жүлдені «Былғары доп» үйірмесінің мүшелері жеңіп алды. «Былғары доп» үйірмесінің мүшелері Бірлік ауылында өткен аймақтық сайыста 3-ші орынды жеңіп алды.

7-11 сынып аралығында мектепшілік үстел теннисінен «Біз есірткіге қарсымыз!» тақырыбымен ұйымдастырылған сайыста жүлделі орынды 10 сынып оқушыларынан құрылған «Жас Stars» командасы 1-ші орын иеленді.

7-11 сынып қыз балалары арасында 8 наурыз мерекесіне орай, ұйымдастырылған үстел теннисінен сайыста 10 сыныптың қыздар командасы жеңімпаз атанды.

«Ауылым- алтын бесігім» ауыл күніне орай, бес асықтан 5-11 сынып оқушылары арасында сайыс өткізілді. Сайыс нәтижесі бойынша 10 сынып оқушысы Ізбасар Әсем 1-ші орын, Бақыт Ұлболсын 2-ші орын, Өксікбай Асылайым 3-ші орын иеленді. Ауыл күніне орай, жеңіл атлетикадан ұлдар, қыздар арасында жүгіруден сайыс өткізілді. Ұлдар арасынан 10 сынып оқушысы Разақ Ринат 1-ші орын, Абайұлы Айтұған 2-ші орын, Ақжігіт Мерей 3-ші орын иеленді. Қыздар арасында Ізбасар Әсем 1-ші орын, Махамбет Жансая 2-ші орын, Қартаңбай Лаура 3-ші орын иеленді. Сонымен қатар, «Асық атудан» 5-8 сыныптың ер балалары арасында сайыс өткізіліп, Жайлаубай Нұрқан 1-ші орын, Өмірзақ Бейбіт 2-ші орын, Қаржаубай Ерасыл 3-ші орынды иеленді.

2021-2022 оқу жылында қосымша білім беру саласына жүктелген тапсырмаларды іске асыру мақсатында пәндік үйірме сабақтары мен ғылыми зерттеу жұмыстары білім алушылардың қызығушылығын арттыру, сабақта алған білімдерін тереңдету, практикада қолданудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін аталмыш мектепте қосымша білім беру саласы 3 бағыт: 1-бағыт ұйымдастыру, 2-бағыт реттеу, 3-бағыт дамыту жұмыстары бойынша оқушылардың сабақтан тыс уақыттағы әрекеттерін ұйымдастыру үшін пәндік үйірмелер мен клубтарға мүшелікке тарту жұмыстары жолға қойылған. 2021-2022 оқу жылында мектебімізде НОБД бойынша 219 оқушы 28 үйірмеге тартылған. Пәндік үйірмелер-14, спорттық, өнер үйірмелері-14. Мектебімізде оқушыларымыздың үйірмеге тартылу көрсеткіші 2021-2022 оқу жылында - 100% көрсетіп отыр.

2021-2022 оқу жылында негізгі пәндік үйірмеге тартылған бастауыш және орта буын және жоғарғы сыныптардың оқушылары арасында «Мың жүйріктен кім жүйрік?» үйірме жұмыстарының пәндік бағыттағы сайысы өткізілді. Пәндік үйірмелерден 3 қоғамдастық жұмыс жасап, оларға жетекшілер тағайындалған: «Зерек» бастауыш сыныптар (2-4 кл) қоғамдастығы жетекшісі: Айгүл Сексенбаева- бастауыш сынып мұғалімі, «Зерде» орта буын (5-6 кл) қоғамдастығы -Алтыншаш Байденес математика пәні мұғалімі, «Зияткер» жоғары буын (7-10 кл) қоғамдастығы Жансауле Сағымбаева- физика

пәні мұғалімі. Бұл пәндік үйірмелер сайысы 2 кезеңнен тұрады: 1-кезең «Тест тапсырмасы», 2-кезең «А, В, С тапсырмалары» оқушылардың жеке қыры ашылады. Бұл сайыстың шынайы өтуі келешек «Алтын белгі», «Үздік куәлік» оқушыларын сараптауға да бізге көмегін тигізді. Нәтижесінде оқушы шынайы, саналы білімге бетбұрысы жасайды. Аталмыш жылдың «Мың жүйріктен, кім жүйрік?» сайысының 3 буын бойынша қорытындысы нәтижесінде «Зерек» бастауыш сыныптар бойынша Бакытқызы Шұғыла (3 сынып), «Зерде» орта буын бойынша Тұрмахан Нұртас (5 сынып), «Зияткер» жоғары буын бойынша Бакытұлы Досымжан (9 сынып) «Жыл оқушысы-2022» болып анықталды. Зейінді, зияткер оқушыларымыз мектеп әкімшілігі тарапынан «Мақтау қағазымен» марапатталып, мектеп степендианттары болып танылды.

«Оқушылардың дебат қозғалысы» жалпыұлттық мәдени- білім беру жобасы шеңберінде оқушылардың мектепшілік дебат турнирі өткізіліп, аудандық кезеңге «Жігер» командасы қатыстырылды. Әлеуметтік желіге және мектептің YouTube каналына дебат турнирі іс- шаралары жарияланды. Дебат қозғалысына қатысу оқушыларымыздың ел өміріне белсенді қатысуға, пайдалы бастамалардың бастамашысы бола отырып, барлық оқиғаларға үн қатуға, елдің болашағын құруға ұмтылудағы өзінің азаматтық ұстанымын айқындауға үйретеді. Үйірме жетекшісі үйірме сабақтарының бастапқы сабақтарында дебаттың Американдық Парламенттік форматын толыққанды үйірме мүшелеріне түсіндіріп, аргумент пен факт арқылы сөйлеу өнері, дауыс ырғағы, дикциясының толқындарын дәйектейтін бейне- көріністерді оқушыларға көрсетіп өз мәнінде дайындық жұмыстарын жүргізді. Жактау және даттау кейстеріне репитиция сабақтары жоспарлы өткізілді. Оның дәлелі бірнеше тақырыпта өткізілген үйірме жұмыстары фотоесепімен әлеуметтік желіге және мектептің YouTube каналына жарияланды. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ұшқыр ой алаңы» дебат турнирінің мектепшілік кезеңі өткізілді. Қазақстандағы үш тілділік саясат тақырыбындағы пікірсайысқа 9-сынып оқушыларынан құрылған «Заңғар» командасы мен 10 сынып оқушыларынан құрылған «Қайсар» командасы қатысты. Тартысты өткен сайыста «Қайсар» командасы жеңіске жетіп, аудандық кезеңге қатысты. «Жігер» дебат үйірмесінде 6-10 сыныптың 12 оқушысы мүшелікте. Үйірме жетекшісі тарих пәні мұғалімі- Скаков Ізбасар.

Мектебімізде «Бұлбұл» вокал үйірмесі үйірме мүшелерінің көркемдік талғамын дамыту, ән айтудағы дауыстарын жетілдіру, вокал мәдениетін қалыптастыру және оқушы бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту, ән айту ережелерін үйретуге бағытталып жұмыс жасайды. Үйірме жетекшісі- Кубекова Гүлжайна. Үйірме жетекшісі жылдық жоспарына сай, «Менің елім- қазақ елі» әніне үйірме сабағын өткізді. Вокал үйірмесінің жетекшісі үйірме сабағы барысында бұл әннің тарихына, ән орындалудағы ерекшелігіне, әннің айтылуындағы дауыс ырғағына мән берді. Сабақ желісінде үйірме мүшелері жетекшінің бағыттауымен сабақтың теориялық бөлімінде әннің тарихын толықтай зерттеп, практикалық бөлімінде мақам, дикция, ырғақты сактай отырып музыкалық сүйемелдеумен сәтті орындалап шықты.

Мектебімізде балаларды театр өнері әлеміне тартуға, тұлғаның мәдени және рухани әлеуетін дамытуға бағытталған «Балалар мен театр» ағартушылық жобасы іске асырылуда. Жоба аясында оқушылар жас ұрпақтың адамгершілік мәдениетін қалыптастырудың ресурсы, жеке тұлғаны әлеуметтендірудің, көркемдік талғамды қалыптастырудың қуатты құралы, эстетикалық дамыған, шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу механизмі болып табылатын «Өмір мен өнер» драма үйірмесі жоспарлы жұмыс жүргізіп келеді. «Өмір мен өнер» драма үйірмесінде 15 оқушы мүшелікте. Үйірме жетекшісі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі - Гүлзат Әбдімұратова. Үйірме сабағы 2 аптада 1 сағат, яғни айына 2 рет өткізіледі. Аталмыш оқу жылында драма үйірмесінің оқушылары облыс көлемінде өткізілген байқаулардың жеңімпазы ретінде жеңіс тұғырынан көріне білді. Мәселен, қыркүйек айында өткізілген аудандық жарыста «Жез кнік, кешір адамды» тақырыбымен қатысқан драма үйірмесінің мүшелері аудан

жеңімпаздары қатарынан көрініп, облыстық сайыста бақтарын сынады. Сонымен қатар, ауданнан келген санды қатынас бойынша «Нашақорлық» тақырыбында жарысқа қатысқан драма үйірмесінің оқушылары облыстық сайыста жеңімпаздар қатарынан көрінді. <https://www.facebook.com/share/v/xQosg7wKrAre7wwS/?mibextid=WC7FNe> Ұлттық мектеп лигасы аясында мектебімізде спорттық үйірмелерге тартылған оқушыларымыз 15 спорт түрінен мектепшілік, аймақтық, аудандық сайыстың кезеңдеріне тұрақты түрде қатыстырылып жүр. 5-6 сынып оқушылары командасы «Бес асық» сайысының аудандық кезеңінен 2 орын және 7-8 сынып оқушылары командасы 2 орын иеленді. Мектебіміздегі «Тенбіл доп» волейбол, «Былғары доп» футбол, үстел теннисі және ұлттық ойындардан тоғызқұмалақ ойындарына үйірме мүшелері жүйелі қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр. Бастауыш, негізгі, жоғары сыныптар арасында «Отбасымен мәреге» эстафеталық сайысы ұйымдастырылып, Жалғасбаевтар отбасы 1-ші орынға ие болды. Токсанбаевтар отбасы 2-ші орын, Алданбаевтар отбасы 3-ші орынға ие болды. «Алтын күз» спорттық секциялар арасындағы спартакиада ұйымдастырылды. Жылдық жоспарға сай «Былғары доп» футбол үйірмесі, «Тенбіл доп» волейбол үйірмесі, «Ұшыр доп» баскетбол үйірмесі, «Алтын доп» қол добы үйірмесі, жеңіл атлетика және үстел теннисі, тоғызқұмалақ үйірмелерінен сайыстар өткізілді. Сайыс қорытындысымен жеңіске жеткен оқушыларымыз мектеп кәсіподағының қолдауымен, аудандық кезеңге қатыстырылды.

5 қыркүйек- Қазақстан халықтарының тілдер күніне орай іс-шара жоспары жасалып бекітілді. Жоспарға сәйкес 2 сыныпта «Тіл- татулық тірегі» , 5-7 сыныпта «Тіл мәртебесі- ел мәртебесі» тақырыптарында тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп кітапханасында 5-6 сыныптарда «Тіл мерейі- ел мерейі» атты мәнерлеп оқу сайыс өткізіліп, оқушылар марапатталды. Ағылшын тілі мен орыс тілі пәнінің ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушылар арасында «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» тақырыбында пікірталас өткізілді. Отбасы күніне арналған іс -шара жоспары әзірленіп бекітілді. «Менің отбасым» тақырыбында 1-5 сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Денешынықтыру пән мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 6-9 сыныптар арасында «Жанұямен мәреге» атты спорттық сайыс өткізілді. 5-7 сыныптар арасында «Менің отбасым» тақырыбында эссе жазу сайысы өткізілді. 1 қазан –Қарт адамдар күніне орай іс-шара жоспарына сәйкес, 8 сыныпта «Қарттарым- асыл казынам» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. 5 қазан- Ұстаздар күніне орай ұстаздарды құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 5-8 сыныптар арасында «Ұстазыңды құттықта...» челленджін өткізді. «Мұғалім, ғазиз мұғалім, сарқылмас мәңгі бұлағым...» тақырыбында 1-11 сыныптарда тәрбие сағаты өткізілді. 25 қазан –Республика күніне орай іс-шара жоспарына сәйкес «Менің Отаным Қазақстан» , «Мемлекеттік рәміз- тәуелсіздіктің нышаны» тақырыбында 1- 11 сыныптарда тәрбие сағаты өткізіліп, мектеп кітапханасында кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Мен ұнатқан кітап...» тақырыбында 3-5 сыныптар арасында кітап оқу байқауы өткізіліп, жеңімпаз оқушылар марапатталды. 30 қазан- Зқараша аралығында күзгі каникул іс-шара жоспарына сәйкес «Рухани жаңғыру – өскелең ұрпақтың дара жолы» - тақырыбында 9-10 сыныптар арасында дөңгелек үстел , 7-10 сыныптар арасында оқушылар арасындағы «Ұлттық мектеп лигасы» баскетбол, волейбол, қолдобы, футбол жарысы өткізіліп, жеңімпаз оқушылар марапатталды. 7-10 сыныптарға «Тарихтың куәсі» ауылдың тарихи орындарына саяхат ұйымдастырылды. 4-8 сыныптар «Руханият және дәстүр » тақырыбы бойынша сурет сайысы өткізілді. 5-7 сыныптар арасында «Кітап баға жетпес асыл мұра» - әдеби кітап көрмесі өткізілді. Республика күні мерекесіне арналған екінші тоқсанда «Алтын сақа» олимпиадасы жоспарына сәйкес 5 сыныпта «Манай» ойыны , 6 сыныпта «Омпы» , «Бүгіп алу» 7 сыныпта , 1-4 сыныптарда «Хан талапай» , «Бес табан» , «Бес асық» , «Асық ату» көңілді үзіліс іс –шаралары өткізілді. «Жігер » дебат клубының ұйымдастыруымен 8- 10 сыныпта «Тенге –ұлттық құндылығымыз», 8-9 сыныптарда «Жол ережесін бұзбайық» тақырыптарында пікірталас өткізілді. «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында тоғызқұмалақтан 6-8 сыныптар арасында сайыс өткізілді. 7-10

сыныптарға пікірталас, «Зиянды әдеттен сақтанайық!» тренинг, «Өз құқығыңды білесің бе?» тақырыптарында тренинг өткізілді. 1-4 сыныптарда «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер», 5-6 сыныптарда «Бұлақ көрсең, көзін аш» тақырыбында сабақ өткізілді. Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығына арналған апталық жоспарына сәйкес «Дара тұлға Бейбарыс» тәрбие сағаты 11 сынып, «Бейбарыс сұлтанның 800 жылдығы» кітапханада көрмесі, 7-10 сыныптар арасында кіші футболдан жарыс, «Бейбарыс сұлтан» 8 сыныпта тәрбие сағаты өткізілді. 26-29 желтоқсан аралығында 1-11 сыныптар арасында «Жасыл шырша жанында» ертеңгілік өткізілді. Қысқы каникул күндеріне байланысты іс-шара жоспарына сәйкес «Шығармашылық ынтымақтастық» бағыты бойынша «Ертегілер еліне саяхат» театрланған қойылым, «Кіші зияткерлік академия» бағытында 8-9 сыныпқа «Мен және менің ортам» тренинг, «Кіші зияткерлік» бағытында зияткерлік сайыс өткізілді.

Мектеп директоры



Б. Жакенов